2. Бюджет бағдарламасының нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 26-бабы ; Қазақстан Республикасының "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: халыққа вирустық "В" гепатитіне қарсы вакцина ету.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: вирустық "В" гепатитіне қарсы вакциналарды орталықтандырылған сатып алу және оларды аймақтарға жеткізу.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

-------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !
!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !
!ның !ма. ! ! !дері !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-------------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------------
033 "В" Жаңа туған Жыл Қазақстан
қоздырғышы нәрестелерге, бойы Республикасының
гепатитіне жеткіншектерге, қан Денсаулық сақтау
қарсы және оның құрамдас министрлігі
вакциналар. бөліктерінің
ды орталық. рецепиенттеріне,
тандырылған медициналық жоғары
сатып алу оқу орындары мен
медициналық колледжді
бітіруші студент.
терге медициналық
қызметкерлерге вакцина
егуді жүргізу үшін "В"
гепатитіне қарсы
вакциналарды дер
кезінде сатып алу.
Вакцина егілетін
контингенттің орташа
жылдық саны:
1390,3 мың адам; оның
ішінде жаңа туған
нәрестелер - 232,0
мың, 7 жастағы
балалар - 245,0 мың,
8 жастағы балалар -
247,0 мың, 9 жастағы
балалар - 289,0 мың,
10 жастағы балалар - 302,0
мың, 11 жастағы балалар -
308,0 мың, 12 жастағы
балалар - 43,0 мыңмедицина

қызметкерлері - 35,0 мың
қан мен оның құрамдас
бөліктерінің рецепиенттері
- 38,0 мың, студенттер -
2,3 мың. <*>

-------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.12.09. N 150аг қаулысымен .

7. Бюджет бағдарламасын орындаудан күтілетін нәтижелер: халық арасында вирустық "В" гепатиті ауруын азайту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсан
N 1429 қаулысына
421-қосымша

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 035 "Ауруларды шетелде емдеу"**
**республикалық бюджет бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 80000 мың теңге (сексен миллион теңге). <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 44-бабы ; Қазақстан Республикасының "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы; "Қазақстан Республикасының азаматтарын шет елге емделуге жіберу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпандағы N 326 қаулысы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: бұрын республиканың медициналық ұйымдарында емделген және жасалған терапиядан оң әсер алмаған Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік медицина ұйымдарында емдеудің Қазақстан Республикасында қолданылмайтын қосымша немесе жаңа әдістерін қолданумен емдеуден өтуге мүмкіндік беру.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: Қазақстан Республикасында оларға қатысты емдеудің барлық әдістері түбегейлі қолданылған қазақстандық азаматтарды шетелдік клиникаларда жоғары білікті медициналық көмекпен қамтамасыз ету.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

------------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !

!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !

!ның !ма. ! ! !дері !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

------------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

------------------------------------------------------------------

035 Ауруларды Қазақстан Республи. Жыл Қазақстан

шетелде касының азаматтарын бойы Республикасының

емдеу емделу үшін шетелдік Денсаулық сақтау

медициналық мекеме. министрлігі

лерге жіберу

жөніндегі комиссияның

қорытындысы негізінде

жіберілген науқас.

тардың емделуіне және

жолына ақы төлеу.

Жоғарыда аталған

комиссияның

жолдамасымен оларға

еріп баратын

адамдардың жолақысын

төлеу.

------------------------------------------------------------------

7. Бюджет бағдарламасын орындаудан күтілетін нәтижелер: шет елдерге емделуге жіберілген науқастардың уақтылы жатқызылуын қамтамасыз ету, өлім-жіті мен мүгедектігін азайту.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсан

N 1429 қаулысына

422-қосымша
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**036 "Мамандандырылған медициналық көмек көрсету"**
**республикалық бюджет бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 821368 мың теңге (сегіз жүз жиырма бір миллион үш жүз алпыс сегіз мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 17, 41, 42, 44-баптары ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңының 21-бабы ; "Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 17-бабы ; "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысына қатысқандарды, мүгедектер мен соларға теңестірілген адамдарды әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы" Заң күші бар 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Жарлығының 11-бабы ; "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 135 қаулысы ; " Қоршаған ортаға қауіп төндіретін әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 наурыздағы N 468 қаулысы ; "Төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасының шұғыл медициналық көмек қызметін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 27 қыркүйектегі N 1068 қаулысы ; "Төтенше жағдайларды ескерту мен жою жөніндегі Қазақстан Республикасының халқына медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1382 қаулысы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаттары: Ұлы Отан соғысына (бұдан әрі - ҰОС) қатысқандарды, мүгедектерді және соларға теңестірілген адамдарды жоғары білікті медициналық көмекпен қамтамасыз ету және қосып жазылған контингенттерді сауықтыру; психикалық бұзылулары бар халықтың аурушаңдығын төмендету,

психикалық науқастармен жасалатын қоғамдық-қауіпті іс-әрекеттерді болдырмау; лепрамен ауыратын науқастарды мамандандырылған стационарлық көмекпен қамтамасыз ету; төтенше жағдайға ұшырағандарға медициналық көмек көрсету.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: ҰОС қатысқандарды, мүгедектерге және соларға теңестірілген адамдарға жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету; халыққа және қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған психикалық бұзылулары бар науқастарға жоғары мамандандырылған психиатриялық көмек көрсету; лепрамен ауыратын науқастарға мамандандырылған стационарлық көмек көрсету; төтенше жағдайда халыққа уақытылы және тиімді көмек көрсету.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

-------------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !

!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !

!ның !ма. ! ! !дері !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

-------------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------------

036 Мамандaнды.

рылған

медициналық

көмек

көрсету

030 Мүгедектер. Осы мекемеге Жыл Қазақстан

дің респуб. жүктелген қызметті бойы Республикасы

ликалық орындау үшін Денсаулық сақтау

клиникалық бекітілген штаттық министрлігінің

госпиталі саны 576 бірліктегі Отан соғысының

Отан соғысының мүгедектеріне

мүгедектеріне арналған

арналған республикалық

республикалық клиникалық

клиникалық госпиталді госпиталі

ұстау

032 Республика. Осы мекемеге Жыл Қазақстан

лық жүктелген қызметті бойы Республикасы

психиатрия, орындау үшін Денсаулық сақтау
психотера. бекітілген штаттық министрлігінің
пия және саны 424 бірліктегі республикалық
наркология Республикалық психиатрия,
ғылыми- психиатрия, психотерапия
практикалық психотерапия және және наркология
орталығы наркология ғылыми- ғылыми-
практикалық орталықты практикалық
ұстау орталығы
033 Қазақ Осы мекемеге Жыл Қазақстан
республика. жүктелген қызметті бойы Республикасы
лық орындау үшін Денсаулық сақтау
лепрозорийі бекітілген штаттық министрлігінің
саны 227 бірліктегі Қазақ
Қазақ республикалық республикалық
лепрозорийін ұстау. лепрозорийі
035 Апат Осы мекемеге Жыл Қазақстан
медицинасы жүктелген қызметті бойы Республикасы
орталығы орындау үшін Денсаулық сақтау
бекітілген штаттық министрлігінің
саны 137 бірліктегі Апат медицинасы
Апат медицинасы орталығы
орталығын ұстау
036 Республика. Осы мекемеге Жыл Қазақстан
лық жіті жүктелген қызметті бойы Республикасы
бақыланатын орындау үшін Денсаулық сақтау
маманданды. бекітілген штаттық министрлігінің
рылған саны 750 бірліктегі республикалық
үлгідегі республикалық жіті жіті бақыланатын
психиатрия. бақыланатын мамандандырылған
лық мамандандырылған үлгідегі
аурухана үлгідегі психиатриялық психиатриялық
аурухананы ұстау ауруханасы
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджет бағдарламасын орындаудан күтілетін нәтижелер: орташа өмір сүру ұзақтығының артуы, ҰОС қатысқандар мен мүгедектердің және соларға теңестірілген адамдардың мүгедектігінің төмендеуі, халықтың психикалық денсаулығы деңгейінің артуы; психикалық науқастардың жаңа қоғамдық-қауіпті іс-әрекеттер жасауын болдырмау; халық арасында лепрамен аурушаңдықтың төмендеуі, лепрамен ауыратын

науқастардың өмір сүру ұзақтығының артуы; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халыққа дер кезінде және тиімді медициналық көмек көрсету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсан
N 1429 қаулысына
423-қосымша

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**037 "Сот-медициналық сараптамасы"**
**республикалық бюджет бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 440239 мың теңге (төрт жүз қырық миллион екі жүз отыз тоғыз мың теңге) .

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Заңы ; Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасының "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: азаматтық процессуалдық заңнамада көзделген сот анықтамаларымен уәждалған негіздемелер болған кезде қайта сараптамалар жасалған жағдайда әкімшілік немесе азаматтық процестің қатысушысы болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: диагностика мен күрделі медицина технологиясын пайдаланудың арнайы әдістерін қолдана отырып, сот-медициналық сараптама жасау.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !
!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !
!ның !ма. ! ! !дері !
!коды!ның ! ! ! !
```

! !коды! ! ! !
-----------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
037 Сот
медициналық
сараптамасы
030 Сот Осы мекемеге Жыл Қазақстан
медицинасы жүктелген бойы Республикасы
орталығы функцияларды Денсаулық сақтау
және оның орындау үшін министрлігінің
аумақтық бекітілген штат Сот медицинасы
бөлімшелері санының 1708 орталығы
бірлігі бар Сот
медицинасы
орталығын ұстау.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджет бағдарламасын орындаудан күтілетін нәтижелер: дұрыстығы жоғары дәрежедегі зертханалық зерттеулердің сапалы нәтижелерін алу. Адам денсаулығына келтірілген зияндар мен қайтыс болудың себептерін анықтау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсан
N 1429 қаулысына
424-қосымша

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 038 "Республикалық деңгейде орындалатын "Туберкулез" бағдарламасы" республикалық бюджет бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1598399 мың теңге (бір миллиард бес жүз тоқсан сегіз миллион үш жүз тоқсан тоғыз мың теңге). <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 18, 44-баптары ; Қазақстан Республикасының "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы

12 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың кезек күттірмейтін шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысы ; "Халыққа кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 135 қаулысы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: көрсеткіштерді тұрақтандыру, туберкулез бойынша өлімді, мүгедектікті азайту, туберкулезбен ауыратын балалар мен ересектерді оңалту және сауықтыру. Туберкулезбен, оның ішінде туберкулездің мультирезистентті түрімен ауыратындарды туберкулезге қарсы негізгі препараттармен қамтамасыз ету.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: Туберкулезбен ауыратындарға мамандандырылған жоғары білікті емдік-диагностикалық көмек көрсету. Туберкулезбен ауыратындарға ағзаның бұзылған қызметін қалпына келтіруге қабілетті емдік-сауықтыру шараларын жүргізу. Туберкулезбен ауыратындарды емдеу үшін туберкулезге қарсы препараттар сатып алу және соңғы тұтынушыларға дейін жеткізу.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

----------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !

!ма. !ла. !ның) атауы !гі шаралар !зім. !

!ның !ма. ! ! !дері !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

----------------------------------------------------------------

038 Республика.

лық деңгейде

орындалатын

"Туберкулез"

бағдарламасы

030 Қазақстан Аталған мекемеге Жыл Қазақстан

Республикасы жүктелген бойы Республикасы

туберкулез қызметтерді орындау Денсаулық сақтау

проблемалар. үшін штаттық саны министрлігінің

ының ұлттық 690 бірлік болып туберкулез
орталығы бекітілген проблемалары
Қазақстан Респуб. Ұлттық орталығы
ликасының туберкулез
проблемалары Ұлттық
орталығын ұстау;
031 "Бурабай" Аталған мекемеге Жыл Қазақстан
республика. жүктелген қызметтерді бойы Республикасы
лық орындау үшін штаттық Денсаулық сақтау
балалардың саны 135 бірлік министрлігінің
туберкулез болып бекітілген республикалық
санаторийі республикалық "Бурабай"
"Бурабай" туберкулезге туберкулезге
қарсы балалар-жасөс. қарсы балалар-
пірімдер санаторийін жасөспірімдер
ұстау; санаторийі
032 "Бурабай" Аталған мекемеге Жыл Қазақстан
республика. жүктелген қызметтерді бойы Республикасы
лық орындау үшін штаттық Денсаулық
ересектердің саны 210 бірлік болып сақтау
туберкулез бекітілген республика. министрлігінің
санаторийі лық "Бурабай" республикалық
туберкулезге қарсы "Бурабай"
санаторийін ұстау; туберкулезге
қарсы санаторийі
033 Туберкулезге Туберкулезбен Жыл Қазақстан
қарсы қолда. ауыратындар үшін, бойы Республикасының
нылатын оның ішінде туберку. Денсаулық
препарат. лездің мультирезис. сақтау
тарды тенттенген түрімен министрлігі
орталықтан. ауыратындарды емдеуге
дырылған арналған резервтік
сатып алу. қатар үшін және
диспансерлік топ
бойынша (виражды,
өте сезімтал,
байланысты) балаларға
химиялық алдын алу
шаралары үшін

туберкулезге қарсы
препараттар сатып алу.
Науқастардың орташа
жылдық саны - 43359.
-------------------------------------------------------------

7. Бюджет бағдарламасының орындалуынан күтілетін нәтижелер: эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру; туберкулезбен ауыру, мүгедектік және өлім-жітім бойынша көрсеткіштерді жақсарту; қайта анықталған туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратындардың жазылу көрсеткішін арттыру, туберкулез микробактериялары орнықты штаммаларының басқа адамдарға берілу қатерін төмендету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсан
N 1429 қаулысына
425-қосымша
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 039 "Диабетке қарсы препараттарды орталықтандырылған сатып алу" республикалық бюджет бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1167691 мың теңге (бір миллиард жүз алпыс жеті миллион алты жүз тоқсан бір мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 18-бабы ; "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: диабетпен ауыратын науқастар өмірінің сапасы мен ұзақтығын жақсарту мақсатында қант диабетінің әртүрлі нысанынан зардап шегуші науқастарды диабетке қарсы препараттармен (инсулин препараттары) және жеткізу құралдарымен (бір рет қолданылатын шприцтер, инелер, шприц-қаламдар) қамтамасыз ету.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: диабетке қарсы препараттарды (инсулин препараттары) және жеткізу құралдарын (бір рет қолданылатын шприцтер, инелер, шприц-қаламдар) соңғы пайдаланушыларға уақытында сатып алу.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !

!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !

!ның !ма. ! ! !дері !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

---------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

039 Диабетке Диабетке қарсы Жыл Қазақстан

қарсы препараттарды, бойы Республикасының

препарат. жеткізу құралдарын Денсаулық сақтау

тарды уақытында сатып министрлігі

орталықтан. алу және олармен

дырылған диабетпен ауыратын

сатып алу. науқастарды

қамтамасыз ету.

Науқастардың орташа

жылдық саны - 27434.

---------------------------------------------------------------

7. Бюджет бағдарламасын орындаудан күтілетін нәтижелер: қант диабетімен ауыратын науқастар өмірінің ұзақтығын арттыру, мүгедектікке әкелетін асқынуларды және өлім-жітімді төмендету, қант диабетімен ауыратын науқастардың белсенді өмір сүру ұзақтығын арттыру.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсан

N 1429 қаулысына

426-қосымша

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 040 "Иммунды алдын алуды жүргізу үшін**

**вакциналарды орталықтандырылған сатып алу"**
**республикалық бюджет бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 304 609 мың теңге (үш жүз төрт миллион алты жүз тоғыз мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 26-бабы ; Қазақстан Республикасының "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 4153 Жарлығы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: егудің күнтізбелік жоспарына сәйкес полиомиелитке, көкжөтелге, сіреспеге, дифтерияға, туберкулезге, қызылшаға, паротитке, обаға, құтырмаға, іш сүзегіне, кене энцефалитіне, иммуноглобулиндерге, бактериофагтарға қарсы халыққа вакцина жасау.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: вакциналарды орталықтандырылған сатып алу және оларды аймақтарға жеткізу.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

---------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !
!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !
!ның !ма. ! ! !дері !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
---------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
---------------------------------------------------------------
040 Иммунды Егудің күнтізбелік Жыл Қазақстан
алдын алуды жоспарына сәйкес бойы Республикасының
жүргізу балалардың, жасөс. Денсаулық сақтау
үшін вакци. пірімдер мен ересек. министрлігі
наларды тердің арасында
орталықтан. вакцина жасау үшін

дырылған вакциналарды
сатып алу уақытылы сатып алу.
Вакцина жасалатын
адамдардың орташа
жылдық саны 3 737,2
мың.
-------------------------------------------------------------------
7. Бюджет бағдарламасын орындаудан күтілетін нәтижелер: вакцинамен басқарылатын жұқпалы ауруларды азайту, оның ішінде 100 мың халыққа шаққандағы 2003 жылдағы аурудың болжамды көрсеткіші: дифтерия - 0,12; көкжөтел - 0,3; сіреспе - 0,05; қызылша - 3,0; эпидемиялық паротит - 8,0; полиомиелит - 0.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсан
N 1429 қаулысына
427-қосымша
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 041 "Медицина және денсаулық сақтау саласындағы құндылықтарды сақтау жөніндегі ұйымдарды субсидиялау" республикалық бюджет бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5238 мың теңге (бес миллион екі жүз отыз сегіз мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі: "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 24, 33-баптары ; "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: мәдени-ағарту жұмысы, денсаулық сақтау саласындағы тарихи мұрағаттық құнды заттарды сол қалпында сақтауды қолдау.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: Республика жұртшылығына Қазақстанда медицинаның даму тарихын зерттеуге көмектесу; халық денсаулығын қорғау саласында тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау үшін мұражайды қолдау.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:
-------------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!ның (кіші !іске асыру жөнінде.!асыру! орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама.!гі іс-шаралар !мер. !
!ма. !ла. !ның) атауы ! !зім. !
!ның !ма. ! ! !дері !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------
041 Медицина Көркем қорды, Жыл Қазақстан
және бірегей экспонат. бойы Республикасының
денсаулық тарды, архив құжат. Денсаулық сақтау
сақтау тарын сақтау және министрлігі
саласындағы қайта жаңғырту.
құндылық. Арнаулы жоғары және
тарды орта медициналық оқу
сақтау орындарында студент.
жөніндегі тер мен оқушылардың
ұйымдарды білім алу процесіне
субсидиялау қатысу.
Мұражайлық жинақтың
негізінде құжаттан.
дыру.
Оқу-әдістемелік,
библиографиялық
ақпарат және
консультативтік
көмек.
Зерттеу қызметі.
Көрме қызметі.
Экспонаттардың санын
55 мың бірлікке,
экспонаттарды
сақтауды 100%-ға,
жылына мұражайға
келуді орта есеппен
131 мыңға дейін
жеткізу.
-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: тарихи-мәдени құнды заттарды сол қалпында сақтау. Медицина аумағында барлық қазақстандықтарды және әр саладағы мамандарды патриоттық және кәсіптік тәрбиелеуде мәдени мұраның маңызды рөл атқаруы.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсан

N 1429 қаулысына

428-қосымша

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 042 "Халықтың салауатты өмір салтын насихаттау" республикалық бюджет бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 20852 мың теңге (жиырма миллион сегіз жүз елу екі мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" ҚРЗ Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы " N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы туралы" 1999 жылғы 3 маусымдағы N 905 қаулысы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау (тұрмыс гигиенасы, дұрыс тамақтану, есірткіге, никотин мен алкогольге қарсы насихаттау); алдын алу жарнама қызметтерін жүргізу.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: халықтың салауатты өмір сүру салты мәселелері жөнінде ұлттық акциялар, бұқаралық іс-шаралар, республикалық конференциялар ұйымдастыру және жүргізу теле- және радиохабарлар өткізу.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

-------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !

!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !
!ның !ма. ! ! !дері !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-----------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
042 Халықтың Салауатты өмір Жыл Қазақстан
салауатты салтын насихаттау бойы Республикасының
өмір салтын жөнінде іс-шараларды, Денсаулық сақтау
насихаттау оның ішінде: министрлігі
"Дүниежүзілік
туберкулезге қарсы
күрес күні",
"Халықаралық
нашақорлыққа және
есірткінің заңсыз
айналымына қарсы
күрес күні" ұлттық
акцияларды;
бұқаралық
іс-шаралар:
халықаралық темекіге
қарсы "Шылым шегуді
таста да жеңіске
жет!" конкурсын,
"Денсаулық" респуб.
ликалық фестивалін,
"Денсаулық жолы"
акциясын; республи.
калық конференциялар:
"Дүниежүзілік
Денсаулық сақтау
Ұйымының "Қазақстан.
дағы Денсаулық
университеттері"
жобасын енгізу және
дамыту перспектива.
ларының тәжірибесі",

"Қазақстанда жұқпалы
аурулар таралуының
алдын алу проблемалары"
жөніндегі іс-шараларды
өткізу бойынша
көрсетілетін қызмет.
терге ақы төлеу;
салауатты өмір сүру
салты аспектісін
насихаттау;
8-11 сынып оқушылары
арасында туберкулез
бен вирустық
гепатиттің алдын алу,
дене бітімінің ұрпақ
жаңғырту белсенділігі
мен дұрыс тамақтану
мәселелердегі
білімдерінің деңгейін
анықтау жөнінде
ішінара сауалнама
өткізу;
бұқаралық ақпарат
құралдарында
іс-шаралар мен
теле- және
радиохабарлар және
басқалар өткізу.
"Дүниежүзілік ЖҚТБ-ға
қарсы күрес күні",
"Дүниежүзілік темекі
шегуге және
алкогольді пайдалануға
қарсы күрес күні",
"Дүниежүзілік
денсаулық күні",
"Дене белсенділігі
мен денсаулық күні"
іс-шаралары.

---------------------------------------------------------------

7. Бюджет бағдарламасын орындаудан күтілетін нәтижелер: халық арасында науқастанудың, оның ішінде алкоголді, есірткі құралдарын пайдалануға, темекі шегу мен уытқұмарлыққа, АҚТҚ/ЖҚТБ-ға байланысты аурулардың өсімін азайту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсан
N 1429 қаулысына
430-қосымша

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 044 "Бүйрек ауыстырудан кейінгі ауруларға дәрі-дәрмекті құралдарды, бүйрек жетімсіздігі бар ауруларға шығыс материалдарымен диализаторларды орталықтандырылған сатып алу" республикалық бюджет бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 400 206 мың теңге (төрт жүз миллион екі жүз алты мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 34-бабы ; Қазақстан Республикасының "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: бүйректі ауыстыру операциясы жасалған науқастарды шығын материалдары бар диализаторлармен және ауыстырылған бүйрек қызметінің тоқтап қалуына жол бермеуге арналған қымбат иммунды супрессивті препараттармен қамтамасыз ету және бүйрек функциясы жетіспеуінің өткір және созылмалы түрімен ауыратын науқастарды гемодиализ сеанстарын өткізуге арналған шығын материалдары бар диализаторлармен қамтамасыз ету.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: бүйректі ауыстыру операциясы жасалған науқастар үшін шығын материалдары бар диализаторлар мен иммунды супрессивті препараттар сатып алу және бүйректі ауыстыру операциясын жасамай-ақ гемодиализ сеанстарын өткізуге мұқтаж бүйрек функциясы жетіспеуінің өткір және созылмалы түрімен ауыратын науқастар үшін шығын материалдары бар диализаторлар сатып алу.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !
!ма. !ла. !ның) атауы !гі шаралар !зімі !
!ның !ма. ! ! ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-----------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
044 Бүйрек Шығын материалдары Жыл Қазақстан
ауыстырудан бар диализаторлар бойы Республикасының
кейінгі мен иммунды Денсаулық сақтау
ауруларға супрессивті министрлігі
дәрі- препараттарды
дәрмекті уақтылы сатып алу.
құралдарды, Бүйрегі ауыстырылған
бүйрек 101 науқасты
жетімсіз. операциядан кейінгі
дігі бар кезеңде иммунды
ауруларға супрессивті
шығыс мате. препараттармен
риалдарымен қамтамасыз ету.
диализатор. Бүйрек функциясы
ларды орта. жетіспеушіліктің
лықтанды. өткір және
рылған созылмалы түрімен
сатып алу ауыратын 750
науқасқа гемодиализ
сеанстарын өткізу.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджет бағдарламасының орындалуынан күтілетін нәтижелер: ауыстырылған бүйректің ауру қатерлілігінің алдын алу және төмендету; бүйрек функциясы жетіспеушілігінің өткір және созылмалы түрімен ауыратын науқастарды емдеудің сапасын жақсарту; сауықтыру мерзімдерін қысқарту мен өлімді азайту үшін жағдай жасау; гемодиализ сеанстарын өткізуге мұқтаж науқастарды диализаторлармен, шығын материалдарымен және кешенді материалдармен қамтамасыз ету; бүйректі ауыстыру операциясы жасалған науқастардың қамтамасыз етілуін жақсарту; бүйрек ауыстыруды азаматтардың шет елдердегі қымбат операцияларға бармай-ақ жүргізу мүмкіндіктері.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсан
N 1429 қаулысына
431-қосымша
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 045 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлерді даярлау" республикалық бюджет бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 20578 мың теңге (жиырма миллион бес жүз жетпіс сегіз мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысымен бекітілген жоғары оқу орындарының жанындағы әскери кафедралар туралы ережесі; Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) әскери даярлау туралы ережесі.

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: жоғары оқу орындары студенттерінің санынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер үшін запастағы офицерлерге деген республикалық қажеттілікті қамтамасыз ету.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарының студенттерін әскери даярлау.

6. Бюджет бағдарламасының іс-шараларын іске асырудың жоспары:

---------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !
!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !
!ның !ма. ! ! !дері !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
---------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
---------------------------------------------------------------
045 Қазақстан Оқу жоспарына Жыл Қазақстан

Республикасы сәйкес запастағы бойы Республикасының
Денсаулық офицерлер Денсаулық сақтау
сақтау бағдарламасы министрлігі
министрлігі бойынша әскери
жоғары оқу даярлықты жүзеге
орындарының асыру
әскери ка.
федраларында
запастағы
офицерлерді
даярлау
---------------------------------------------------------------

7. Бюджет бағдарламасын орындауда күтілетін нәтижелер: запастағы офицерлерге деген қажеттілікті қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсан
N 1429 қаулысына
432-қосымша
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 046 "С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлерінің белгіленген жалақыларына арттыратын коэффициентті төлеуге субсидиялар" республикалық бюджет бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 114937 мың теңге (жүз он төрт миллион тоғыз жүз отыз жеті мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі: "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығы , "Ерекше мәртебеге ие мемлекеттік жоғары оқу орындары жөніндегі типтік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 қарашадағы N 1398 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 733 қаулысы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: еңбекақыларын ынталандыру жолымен жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды тарту есебінен ерекше мәртебеге ие С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде дүниежүзілік стандартқа және ғылыми, ғылыми-техникалық әзірлемелерге сәйкес оқу процесінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің басшылық етуші қызметкерлері мен ғылыми-педагогикалық кадрлардың белгіленген айлықақыларына үстеме коэффициент төлеуге байланысты шығыстарды жәрдемақылау.

6. Бюджет бағдарламаның іс-шараларын іске асырудың жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар

!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !

!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !

!ның !ма. ! ! !дері !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

---------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

046 С.Ж. Ерекше мәртебеге Жыл Қазақстан

Асфендияров ие С.Д. Асфендияров бойы Республикасының

атындағы атындағы Қазақ Денсаулық сақтау

Қазақ ұлттық ұлттық медицина министрлігі

медициналық университетінің

университеті басшылық етуші

профессор - қызметкерлері мен

оқытушы ғылыми-педагогика.

құрамы мен лық кадрлардың

қызметкер. белгіленген

лерінің айлықақыларына

белгіленген үстеме коэффициент

жалақыларына төлеуге байланысты

арттыратын шығыстарды жәрдем.

коэффициент. ақылау.

ті төлеуге

субсидиялар

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындауда күтілетін нәтижелер: С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің ғылыми-педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде денсаулық сақтау саласын жоғары кәсіби және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімі бар жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсан
N 1429 қаулысына
433-қосымша
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Бюджет бағдарламасының әкімшісі

**2003 жылға арналған 047 "Республикалық деңгейде қан (алмастырғыштар) өндіру" республикалық бюджет бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 191223 мың теңге (жүз тоқсан бір миллион екі жүз жиырма үш мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; "Мемлекеттік материалдық қор туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 4-тармағының 12-бабының 2-бөлімі; "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: Алматы қаласының жедел және кезек күттірмейтін көмек жөніндегі емдеу-алдын алу ұйымдарын, ғылыми-зерттеу институттарын, ғылыми орталықтар мен медициналық ұйымдарды қан препараттарымен (алмастырғыштармен) және оның құрамбөліктерімен қамтамасыз ету. Донорлық кадрларды жоспарлау және есепке алу. Жұмылдыру міндеттеріне сәйкес қан қорларын жаңарту және толықтыру жөніндегі арнаулы іс-шараларды жүргізу.

5. Бюджет бағдарламасының міндеттері: қан мен оның құрамбөліктерін өндіру, сақтау, стандарттарға сәйкес сирек қан топтары мен оның құрамбөліктерін ұзақ мерзімді сақтау банкін құру. Сақталған қанның, оның құрамбөліктерінің, препараттар мен қан алмастырғыштардың сапасын сараптау.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

```
---------------------------------------------------------------
N!Бағ.!Кіші!Бағдарлама.!Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!ның (кіші !(кіші бағдарламаны)!асыру! орындаушылар
!ла. !дар.!бағдарлама.!іске асыру жөнінде.!мер. !
```

!ма. !ла. !ның) атауы !гі іс-шаралар !зім. !
!ның !ма. ! ! !дері !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !
-----------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
047 Республика. Өндіру, дайындау Жыл Қазақстан
лық деңгейде және қан мен оның бойы Республикасының
қан (алмас. құрамбөліктерін Денсаулық сақтау
тырғыштар) сақтауға байланысты министрлігі
өндіру қызметтерге төлеу.
Қан және оның
құрамбөліктерін,
оның ішінде сирек
қан топтарын ұзақ
мерзімді сақтау
банкін құру.
Жұмылдыру қорын
жаңарту және
толықтыру жөніндегі
жұмыс өткізу.
Донорлық кадрларды
есепке алу.
